

Мемлекеттік ҚЫЗМЕТ Мемлекеттік ҚЫЗМЕТШІ

Орындаған: Маликова Венера МҚ-211
Тексерген: Садыкбекова А. Н

Мемлекеттік қызмет туралы

- ▣ **Мемлекеттік қызмет** - азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Мемлекеттік қызмет әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен жолсапар шығындары бюджеттен өтеледі және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдықталады.

«Мемлекеттік қызмет көрсету» ұғымының жаңа анықтамасы

«Мемлекеттік қызмет көрсету – қызмет көрсетуді тұтынушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі»

- Сондай-ақ мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі болады. Қызмет мерзімі ішінде мемлекеттік қызметшілерге өз өкілеттігін жүзеге асыруға керекті міндеттер мен арнайы құқықтардан бөлек әлеуметтік артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 21-бабында әрбір адамның өз елін басқаруға қатысуға құқы танылған.

Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлерге тойда ішімдік ішуге тыйым салынды

- 1 қаңтардан бастап ел мемлекеттік қызметкерлердің этика кодексі өзгерді. Енді ол Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің *ар-намыс кодексі* деп аталады және мемлекеттік қызметтегілер үшін қызметтік этика ережелерін белгілейді. Әсіресе, жұмысын жаңа бастап жатқан азаматтарға пайдалы болмақ екен: қызметке кірер кезде әр қызметкер қатаң тестілеуден бөлек, үш күн ішінде этика кодексімен танысып, соған қол қойып, ондағы ереже-заңдарды қызметтегі өмірі барысында қатаң ұстануы тиіс. «Открытая Азия онлайн» жаңарған құжаттың ерекшеліктерімен танысты.

- Кодекстің жаңа редакциясы бұрынғысынан аса ерекшеленбейді. Мемлекеттік қызметкерлер бұрынғыдай сыпайы болуы, өзінің лауазымдық артықшылықтарын алға тартпайтын және жеке басына қолданбайтын адал болуы тиіс. Тұрған тұрысымен-ақ шенеунік мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға атсалысып, баршаға ортақ қабылданған іскери стильге сай өзін ресим түрде ұстап, сабырлы, салмақты, ұқыпты болуы керек.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ ТИІС

Қазақстандағы тілдерге,
салт-дәтүрлерге
сыйластықпен қарасын

Кәсіби деңгейі мен
біліктілігін ұдайы
арттырып отырсын

Әділ де заңды
шешімдер қабылдасын

Өсек тасымасын

Адал, сыпайы,
қарапайым
болсын

Ағаттық жасап,
құқық бұзбасын

Қызмет жағдайын
жеке басының
мәселелерін шешу
үшін пайдаланбасын

Қоғам тарапынан сын
айтылуына сылтау болып,
біреуді сын айтқаны үшін
қудаламасын

Өз міндеттерін
салқынқандылықпен,
сапалы атқарсын

Іскери этикет пен ресми
жүріс-тұрыс ережелерін
қатаң ұстансын

Мемлекет меншігін
сақтап, қорғап, оны тек
қызмет мақсатында ғана
пайдалансын

Халықтың талаптарын
ескере отырып,
мемлекеттік қызметтер
сапасын арттырсын

OPEN ASIA | 

- Құжатта заң шығарушылар мемлекеттік қызметкерлердің қызметте жүрген кезде және қызметтен тыс уақытта өзін-өзі қалай ұстап, қалай жүріп-тұру керек екенінің стандарттарын нақты белгілеген. Мысалы, жұмыста шенеуніктер сыбайлас жемқорлықтың қандай болсын түрінің алдын алып, тіпті аты аталуына жол бермеуі, қоластындағыларды кемсітпей, салқынқандылық, әділдік, адалдық, тұлғаның ары мен намысына құрметпен қарау үлгісін танытуы тиіс.
- Мемлекеттік қызметкердің жеке өміріне де біраз шектеулер қойылды. Ендігі жерде ол қоғамдық орындарда ішімдік ішіп мас бола алмайды, ал достары мен бөгде адамдарды балағаттап жіберуден тіпті құдай сақтасын. Сәйкес тармақта солай деп жазылған да: мемлекеттік қызметкерлер қоғамда қабылданған ар-намыс нормаларын қатаң ұстануы, қоғамға жат мінез-құлық танытпауы, оның ішінде қоғамдық орындарда мас күйде адамның ар-намысы мен қоғамдық әдептілікке нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлерге көрінген жерде лауазымдық куәлігін алға тартуға, қоғамдағы ар-ұждан нормаларын, тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін бұзуға, өзге азаматтарды заңға қайшы, қоғамға жат әрекеттер жасауға итермелеуге тыйым салынады.



- Тағы бір жаңалық бар. Ар-намыс кодексімен бірге Этика жөніндегі өкілетті тұлға туралы ереже күшіне енді. Бұған дейін Қазақстанның мемлекеттік органдарында мұндай қызмет болмаған. Енді осындай штат бірлігі барлық ұйымдарда болады. Ол қызметті атқаратын адам ұжымда ар-намыс кодексінің қатаң сақталуын қадағалап қана қоймайды, сонымен қатар әріптестерінің құқықтарын да қорғайды. Мысалы, этика жөніндегі өкілетті тұлғаға бастығыңыздың шектен тыс қатал екенін айтып шағымдануға, жұмысқа деген қатынасыңыз қандай екенін бүкпесіз ашық айтып беруге болады. Мемлекеттік қызмет істері министрлігінде арнайы брифинг өтіп, онда журналистерге күшіне енген өзгерістер туралы толық есеп берілді. Вице-министр Айгүл Шаимова мемлекеттік органдарда ауқымды сауалнама жүргізілетінін айтты. Сол сауалнаманың нәтижелері қызмет ахуалын жақсартып, барлық деңгейлердегі мемлекеттік қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыруы тиіс екен.
- Айта кетерлігі, этика жөніндегі өкілетті тұлға етіп кім болса сол сайланбайды. Ережеде бұл аса жауапты қызметті “ұжымда абыройы асып, құрметке ие болған адам” ғана атқара алады делінген. <https://www.youtube.com/watch?v=sNK0tjzXlc4>



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ
МИНИСТРАЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

kyzmet.gov.kz





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ - БҰЛ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН АЙРЫҚША СЕНІМ БІЛДІРУ

НЕСЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ - ЭТО ВЫРАЖЕНИЕ ОСОБОГО ДОВЕРИЯ СО СТОРОНЫ ОБЩЕСТВА И ГОСУДАРСТВА

- ҚР сол декларацияға қосылушы мемлекет ретінде өзінің әрбір азаматының Мемлекеттік қызметке кіруге деген тең құқығын Конституцияда белгіледі. Мемлекеттік қызметке үміткерге қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына қарай әртүрлі болады. Соған орай азаматтың Мемлекеттік қызметке кіруіне кедергі болатын негіздер де заңдарда көрсетіледі.

- Басты негізге азаматтың қасақана қылмыс үшін сотталғандығы жатады. Шет ел азаматтарының ҚР-ның Мемлекеттік қызметіне кіруіне құқы жоқ. Конституцияға сәйкес, мемлекеттік қызметкердің жасы 60-тан, ерекше жағдайларда 65-тен аспауы тиіс екендігі көрсетілген. ҚР-да Мемлекеттік қызмет жүйесін
- саяси
- әкімшілік болып екі санатқа бөлінген лауазымдар құрайды. Саяси лауазымға мемлекеттік саясатқа ықпалды жоғары лауазымдар жатады, қалған лауазымдар әкімшілік санатта одан әрі жіктеледі.

«Мемлекеттік қызмет тиімділігінің мәселелері

-  **Көрсетілетін қызметті алушы** - Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары (орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды қоспағанда), шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалар.
-  **Қызмет көрсетуші** - тиісті салаларда мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекітетін және мемлекеттік қызмет көрсету процесін ұйымдастыратын орталық және жергілікті мемлекеттік органдар.
-  **Мемлекеттік қызмет көрсетуді беруші** - тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін қызметті көрсетушілер.

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары

Көрсетілетін қызметті алушының:

- ✓ мемлекеттік қызмет көрсету мен мемлекеттік қызмет көрсетуді беруші туралы толық және дәйекті ақпарат алуға;
- ✓ осы мемлекеттік қызметті көрсетудің бекітілген стандартының талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға;
- ✓ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне сотқа дейін және сотқа шағымдануға;
- ✓ мемлекеттік қызмет көрсетуді қағаз (дәстүрлі) және/немесе электрондық нысанда алуға;
- ✓ мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының жобаларын жария талқылауға қатысуға құқығы бар.

Қызмет көрсетушілердің және мемлекеттік қызметтерді көрсетуді берушілердің тиімді міндеттері

Қызмет көрсетуші:

- ✓ мемлекеттік қызметтер көрсететін қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;
- ✓ шағымдарды уақытылы қарауға;
- ✓ азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауға;
- ✓ мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының жобаларына жария талқылау жүргізуге және т.б. міндетті.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді беруші:

- ✓ мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге;
- ✓ көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің орындалу мәртебесі туралы хабардар етуге;
- ✓ шағымдарды уақытылы қарауға;
- ✓ азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауға және т.б. міндетті.

Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттерін әзірлеуге қойылатын талаптар



Мемлекеттік
қызмет
көрсету
стандарты

Орталық
мемлекеттік орган
әзірлейді

ЭДСМ-мен келісім
бойынша орталық
мемлекеттік орган
бекітеді

ҚР Әділет
министрлігінде
тіркеледі

Мемлекеттік
қызмет
көрсету
регламенті

Мемлекеттік қызмет
көрсетуді жүзеге асыратын
орталық мемлекеттік
орган, облыстың,
республикалық маңызы
бар қаланың, астананың
жергілікті атқарушы
органдары
әзірлейді

Жергілікті бюджеттен
қаржыландырылатын
орталық мемлекеттік
орган, атқарушы орган
бекітеді

Мемлекеттік қызметті тиімді әзірлеуге қойылатын талаптар




Мемлекеттік қызметтерді тиімді көрсету тізілімі (көрсетілетін қызметті алушылар, қызметті көрсетушілер, мемлекеттік қызметтер көрсетуді берушілер, мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны, олардың ақылы немесе тегін екендігін көрсете отырып мемлекеттік қызметтер көрсетудің жіктелген тізбесі)

Мемлекеттік қызметтер көрсетуді жіктеу

Қазақстан
Республикасының
Үкіметі бекітеді

Мемлекеттік қызметті жоспарлау тиімділігі және әдістемесінің стандарттары

Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының жобаларын жария талқылау үшін

-  Мемлекеттік қызмет көрсету стандартын әзірлеген мемлекеттік органның интернет-ресурсында;
-  «электрондық үкіметтің» веб-порталында;
-  азаматтардың танысуына қолжетімді басқа жерлерде орналастырылуы тиіс.

Стандартты талқылау және пысықтаудың нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар тиісті хабарламалар жариялайды.

Мемлекеттік қызметтерді ХҚКО және мамандандырылған ХҚКО арқылы тиімділігін көрсету тәртібі

Көрсетілген қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету:

- стандарттарды қызметті көрсетушінің интернет-ресурстарында және «электрондық үкіметтің» веб-порталында орналастыру;
- стандарттарды көрсетілетін қызметті алушылар еркін қол жеткізетін және олармен танысуға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлерде орналастыру;
- мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы;
- көрсетілетін қызметті алушының жеке жүгінуі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтерді тиімді көрсетудің төлем ақы арқылы бөлу өлшемдері



Заң жобасында Қазақстан Республикасының заңдарында тегін көрсетуге кепілдік берілген қызметтерді көрсеткені үшін төлем алуға тыйым салынады.



Төлемі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсету құны мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарында көрсетіледі.

Мемлекеттік тиімді қызмет көрсету сапасының сотқа дейінгі шағымдану тәртібі

Мыналардың мекенжайына жүгіну арқылы үш деңгейлі шағымдану процесі қарастырылған:

- **Мемлекеттік қызмет көрсетуді беруші** (*шағымды қарау 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс*);
- **Қызметті көрсетуші** (*шағымды қарау 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс*);
- **мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органы** (*шағымды қарауы 15 жұмыс күнінен аспауы тиіс*).

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына тиімді бағалау және бақылау жүйелері

Қоғамдық мониторингті :

- ✓ бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік тапсырысы арқылы аккредиттелген коммерциялық емес ұйымдар (МҚІА);
- ✓ коммерциялық емес ұйымдар жеке бастамасы бойынша және өз есебінен жүргізеді.

Бағалауды және сыртқы бақылауды:

- ✓ бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (МҚІА) жүргізеді

Ішкі бақылауды:

- ✓ МҚІА бекітетін үлгілік талаптарға сәйкес қызмет көрсетуші - мемлекеттік органдар негізінде жүргізеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы

- ❖ ҚР Бюджет кодексіне
- ❖ «Әкімшілік рәсімдер туралы» ҚР заңына
- ❖ «Нормативтік құқықтық актілер туралы» ҚР заңына
- ❖ «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР заңына
- ❖ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР заңына
- ❖ «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР заңына

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ БОЛЖАНАДЫ.



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР



Мемлекеттік көрсетілетін қызмет

көрсетілетін қызметті алушылардың етініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нұсқандарының бірі

www.e.gov.kz
веб порталы арқылы

немесе

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы

немесе

«Азаматтарға арналған үкімет» МҚ арқылы

Мемлекеттік қызмет көрсету жүзеге асырылады:

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны:

- Электронды түрде
- Қарағ түрінде

мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын НҚА

Көрсетілетін қызметті беруші стандарттар мен регламенттердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді

реттеу

Стандарт

Регламент

көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тәртібін айқындайтын НҚА

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылауларға қатысуға

Көрсетілетін қызметті берушілердің шешімдеріне, әрекеттеріне шағымдануға

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне шағымдану

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге

Мемлекеттік корпорацияға

Агенттік департаментке



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА



РАХМЕТ

risovach.ru